Р. А. Сүлейменова, К. А. Каменова, М. Е. Каржаубаева

# ОҚУ ЖӘНЕ ТІЛ ДАМЫТУ

Зерде бұзылыстары бар балаларға
арналған арнайы мектептердің
(сыныптардың) 9-сыныбына арналған
әдістемелік құрал

Алматы
2021

**ӘОЖ 376**
**КБЖ 74.3**
**С90**

**Сүлейменова Р. А. т.б.**
**С90** **Оқу және тіл дамыту.** Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 9-сыныбына арналған әдістемелік құрал / Р. А. Сүлейменова, К. А. Каменова, М. Е. Каржаубаева. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2021. – 52 б.

ISBN 978-601-347-219-5

ӘОЖ 376
КБЖ 74.3

**ISBN 978-601-347-219-5**

© «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2021

# КІРІСПЕ

Бұл оқу-әдістемелік кешен Типтік оқу жоспары мен мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасына сәйкес зерде бұзылыстары бар оқушылардың даму ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген.

Оқу-әдістемелік кешеннің құрамына оқулық пен осы нұсқаулық енеді. Әдістемелік құралдың мазмұны төмендегідей міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді:

1. Оқушыларға халық ауыз әдебиеті жанрларын оқытуды жалғастыру арқылы ұлттық әдет-ғұрыпты қалыптастыру, адами қасиеттерді оқушылардың бойларына сіңіру, алған білім икемдерін әлеуметтік өмірде қолдана білуге дағдыландыру.

2. Шығармалардың мазмұнын түсініп оқуды қалыптастыру арқылы оқушылардың бойында жағымды эмоционалды ерік және жеке қасиеттерді қалыптастыру.

3. Оқушыларды қазақ әдебиетінің негізін салушы ақын-жазушылардың өмірбаянымен таныстыру, шығармаларымен танысып, мазмұнын ашу арқылы сөздік қорын дамыту, монологтік және диалогтік сөйлеу мәдениетін дамыту, әдеби тілде сөйлеу дағдыларына баулу.

4. Шығармалармен танысу арқылы еліміздің тарихын меңгерту. Оқушылардың бойында Отанға деген патриоттық сезімдері мен сүйіспеншілігін дамыту.

5. Оқушыларды танымал шетел жазушыларымен таныстыру, олардың шығармаларын оқып, талдау арқылы әдеби білім өрісін кеңейтіп дамыту.

Зерде бұзылыстары бар оқушылардың танымдық қабілеттері мен оқу материалдарын қабылдау, меңгеру мүмкіндіктері әртүрлі болады. Сондықтан сабақ барысында мұғалім әр оқушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқушыларға деңгейлік тапсырмаларды ұсынып отыруы қажет.

Әдістемелік нұсқаулықта зерде бұзылыстары бар оқушыларды «Оқу және тіл дамыту» пәніне оқыту үдерісінің жобасы берілген. Оның құрамында:

- жобалы түрдегі тақырыптық жоспарлау;
- оқу тақырыптарының технологиялық карталары;
- деңгейлік мақсаттылық жүйесі;

- әр оқушының материалды меңгеру деңгейін белгілеу үшін оқу жетістіктері карталарының формалары;

- оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер;

- сабақтың ақпараттық картасының үлгісі бар.

Мұғалім оқу үдерісінің материалдары мен әр оқушының мүмкіндіктерін ескере отырып, «Оқу және тіл дамыту» пәнін табысты түрде оқытудың жеке жобасын құрастырады.

## Зерде бұзылыстары бар оқушыларда оқу дағдыларын қалыптастыру ерекшеліктері

Зерде бұзылыстары бар оқушыларда оқу дағдыларын толық қалыптастыру үшін мынадай оқу түрлері көрсетіледі:

1. Дауыстап оқу
2. Іштей оқу
3. Жүгіртіп оқу
4. Дұрыс оқу
5. Мәнерлеп оқу
6. Түсініп оқу

Оқу дағдыларының қалыптасуы әр оқушыда әртүрлі деңгейде жүреді. Сауат ашу барысынан бастап-ақ, зерде даму бұзылыстары бар балалардың қабылдау үдерісінің әртүрлілігі байқалады. Мысалы, бір бала әріпті есіне жақсы сақтаса, екіншісі бір-біріне ұқсас әріптерді шатастыруы мүмкін. Ал кейбір оқушы дыбыс пен әріптің арасындағы қатынасты түсінбейді, игерген әріп, дыбыстарды буынға қосу үдерісі ұзақ уақытқа кешеуілдейді, кейбір оқушы сөздегі дыбыс құрамын бұзып оқыса, кейбірі оқылған сөздер мен әрекет арасындағы байланысты көрмейді. Сипатталған затты танымайды, қабылдай алмайды.

Осы себептердің бәрі арнайы түзету мектептерінде оқушылардың оқу дағдысын қабылдауындағы әртүрліліктен туындайды. Бұл олардың сенсорлық, тілдік және танымдық мүмкіндіктерінің әртүрлі деңгейде болуымен байланысты.

Тіл дамыту сабағы уақытында балалар дағдыны қабылдаудың әртүрлі деңгейінде болады. Бұл мұғалімге сынып оқушыларымен фронтальді жұмыс жасауында қиындықтар туғызады.

Енді жоғарыда көрсетілген оқу түрлеріне тоқталып өтейік.

## Дауыстап оқу

Арнайы түзету мектептеріндегі көп тараған оқу түрі – ***дауыстап оқу.*** Көптеген психологтердің зерттеулеріне сүйенсек, дауыстап оқу оқушының өзі оқыған мәтінді дұрыс түсінуіне мүмкіндік беретін оқу түрі. Бұл бастауыш сынып пен жоғары сынып оқушыларына да қатысты. Дауыстап оқудың негізі: оқушы мәтінді көріп қана қоймай, оны айтады және естиді. Мәтінді интонациялық ырғақпен оқудың өзі оқушының мәтінді жақсы түсінуін жеңілдетеді.

Дауыстап оқу арқылы мұғалім әр оқушының мәтінді мәнерлеп оқуына, сөздің көркемдік мағынасын ашуға, сөздің айтылу кезіндегі ерекшелігін қадағалап отыруға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, дауыстап оқыту арқылы мұғалім әр оқушының дұрыс оқуын тексереді. Біртіндеп дауыстап оқу арқылы оқушыларды іштей оқу түріне көшуге дайындайды. Ал іштей оқу дауыстап оқуға қарағанда, екі-үш есе жылдам жүзеге асады.

## Іштей оқу

Зерде бұзылыстары бар оқушыларда іштей оқу түрін меңгеру біраз қиындықтар туғызады. Мұғалімнің көмегінсіз іштей оқыған оқушы мәтіннің мазмұнын, ондағы оқиға желісін дұрыс түсінбейді.

*Оқушылар іштей түсініп оқу үшін әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды қолданамыз:*

1. Карточкада берілген тапсырманы оқы және орында.
2. Мәтінге қатысты тақтада жазылған сұрақтардың дұрыс жауабын тап.
3. Тақтада жазылған бірнеше сұрақтарға өз сөзіңмен толық жауап беруге дайындал.
4. Оқылған мәтіннің мазмұнын айтуға дайындал.
5. Мәтін ішінде өзің түсінбеген сөздерді таңда, жазып ал.
6. Берілген жоспар бойынша мәтінді бөлімдерге бөл.
7. Әңгімеге ат қой.
8. Бөлімдерге өздігіңнен ат қой.
9. Мәтіндегі бас кейіпкерді сипаттайтын сөздер мен сөз тіркестерін тап.

Іштей оқу кезінде осы тапсырмаларды қолдану оқушылардың мәтін мазмұнын түсінуіне жағдай жасайды.

Жоғары сыныптан бастап іштей оқумен дауыстап оқу қатар жүреді. Содан соң мұғалімнің көмегімен мәтіннің мазмұнын айтады.

Оқушылар мәтіннің жартысын дауыстап оқыса, жартысын іштей оқиды. Дауыстап оқыған мәтін бөлігін сынып ішінде талдаса, іштей оқыған мәтіннің бөлігін өз беттерінше талдауға үйге беріледі.

## Жүгіртіп оқу

**Жүгіртіп оқу – сөйлеу тіліне тән жылдамдық.** Жүгіртіп оқу барысында оқыған мәтіннің мазмұны оқу жылдамдығынан басым.

Зерде бұзылыстары бар балалар мәтіннің күрделілігіне байланысты баяу оқиды**.** Н. К. Сорокинадан алған деректерге қарағанда нашар оқитын балалардың арасында оқу жылдамдығындағы айырмашылық көп емес.

9-сыныптың оқушыларының өзі, мәтіннің күрделілігіне байланысты бір жылдамдықпен оқымайды. Оларда дыбысқа деген анализ және синтез бұзылған. Сонымен қатар сөйлеу тілінің бұзылуын да ескерген жөн. Көру қабілетінің төмендігі жұмыс жасауды нашарлатады. Қабылдау мүмкіндігінің шектелуі де оқу дағдысын меңгеруді тежейді. Сөздік қорының кедей болуы, сөздік грамматикалық құрамын дұрыс қабылдамауы да оқу дағдысын меңгеруді тежейді. Осы себептердің бәрі оқушылардың мәтіннің арасындағы логикалық байланысты көрмеуіне әкеледі.

Зерде бұзылыстары бар балалар мәтінді, әріптерді, буындардың орнын ауыстырып оқиды. Бір сөздің соңымен келесі сөздің басын қосып жібереді. Тағы бірі ортасында оқу жолын түсіріп оқиды.

Дұрыс оқу үдерісінің жылдамдығының төмендеуі арнайы мектеп оқушыларына тән нәрсе.

**Шапшаң оқуда** назар, негізінен, оқушының оқу жылдамдығына аударылса, түсініп оқуда мәтіннің мазмұнын қаншалықты түсінгені және оны қалай айтып бере алатындығы ескеріледі.

Оқушы оқыған мәтіннің мазмұнын түсіну үшін оқығанның мазмұнын айтқызу, сұрақ беру, бір оқығанды қайта оқыту, бір оқушының мазмұндағанын басқаларына толықтырып қорытынды шығару керек.

Оқушы оқығанын түсіну үшін онда кездесетін жаңа сөздерді алдын ала түсіндіріп отыруы керек. Мұндай жұмыс оқушыға оқығанының мазмұнын жеңілірек түсінуіне көмектеседі. Оқушыларды оқу машығына үйретумен бірге оларға білім, тәрбие беру мақсаты көзделеді. Білім мен тәрбиені оқушы тек оқығанын саналы түсінгенде ғана ала алады.

Мұғалім өзі жатқа айтқан, не оқып берген мәтіннің мазмұнын оқушылардың түсінген-түсінбегенін білу үшін сұрақтар қоюға болады. Ол сұрақтар өтілген шығарманың мазмұнын беретіндей болуға тиіс. Егер оқушылар қойылған сұрақтарға жауап берсе, онда олардың әңгіме мазмұнын түсінгені.

Міне, осындай жұмыстар жүргізу арқылы мұғалім оқыған мәтінді оқушылардың қаншалықты ұққанын байқауына болады.

Оқыған мәтіннің мазмұнын айтудың өзі түрліше болады: оқығанының мазмұнын мұғалімнің қалауына, тыңдауына қарай айту, даяр жоспар бойынша айту, толық және қысқаша айту. Мұғалім шығарма мазмұнын олардың қай түрімен айтқызамын десе де ерікті, тақырыпты мұғалімнің жатқа айтуы немесе оқуы оқушыларға үлкен әсер етеді. Бұдан оқушылар ләззат алуға жаттығады. 6-сыныптан бастап оқушылар шығармаға жоспар жасауға үйренеді. Олар бөлім-бөлімге бөліп оқып, мазмұнын айтқан соң осы бөлімдерге ат қоюға, жоспар жасауға көшуге болады. Мысалы: «Сауысқан мен көкек» ертегісін алатын болсақ, оқушылар оқып алады да, бөлім-бөлімге бөліп, әр бөлімде не жайында айтылғанын ұғып, соған орай бөлімге ат қояды.

Шығарманы бөлімге бөліп оқыту күн сайынғы сабақта іске асқанымен, бөлімдерге үнемі ат қойғыза беруге болмайды. Мұның өзі қиын жұмыс. Сондықтан мұғалім оқулықтағы мәтінге жоспар жасап, бөлімдерге ат қоюға қолайлы материалдарды ғана ұсыну керек. Сонымен, бірінші рет бөлімге бөліп оқытқанда, оқушылар материалды саналы түсінгеніне көз жеткізсек, екінші рет оқығанда, оған жоспар жасау жағын қарастырамыз.

Жоспар шығарма мазмұнын көрсететін оқиғаның жүйесін білдіреді. Жоспар жасау жұмысы екі түрлі жолмен іске асады.

Әңгімені бөлімге бөлу.

Бөлімдерге ат қою. Оны тәртіптеп жазу.

Оқушылар әңгімені бөлімге бөлу үшін ондағы ойды және қосымша мәселелерді анықтайды.

## Дұрыс оқу

Дұрыс оқу – бұл сөздің құрамындағы дыбысты бұзбай, сөзге екпінді дұрыс қойып оқу түрі.

Зерде бұзылыстары бар балалар мәтінді оқығанда, көптеген қателер жібереді: әріптерді қалдырып, ауыстырып, сөздегі буындарды, сөздерді орындарын ауыстырып оқиды; оқу барысында бір сөздік қатардан екінші сөздік қатарға секіріп кетеді; кей жағдайларда сөздің аяғындағы жұрнақ, жалғауларды оқымай қалдырып кетеді.

**1. Мұғалімнің мәтінді баяу (асықпай) оқуы** (мәтін осыған дейін талданған). Бұндай оқу кезінде оқушылар басқа оқушылардың оқығандарымен ілесіп, мәтінді саусақпен жүргізіп отыруға мүмкіндік алады. Мұғалім кез келген уақытта оқушыларды талпындырып, мақтау, мадақтау әдістерін қолдану арқылы белсендіреді (шаттық шеңберін құру, қол шапалақтау, жалауша беру...).

**2. Аралас оқу** – бұл мәтіннің ішінде бір сөйлемді мұғалім алдын ала белгілейді. Осы белгіленген сөйлемді мұғалім оқушыларға хормен оқытады.

Балалардың алдына дәл уақытында хормен оқуға кірісуге талап қойылады және мұғалім барлық оқушының белсене қатысуын қадағалайды.

**3. Мұғалім мен оқушылардың бірігіп оқуы.** Бұл тәсіл кезінде мәтінді мұғалім оқушылармен бірге бастап оқиды. Белгілі бір уақытта мұғалім өз оқуын тоқтатады. Ал балалар хормен оқуын жалғастырады. Осындай оқу барысында оқушылар жаппай бірқалыпты жылдамдықты қадағалап отыруы тиіс. Мұғалім қажет жағдайда оқушыларға қайтадан қосылып, оқуды жалғастырады.

**4. Оқушының бір-бірінің оқуын бақылауы.** Оқу барысында оқушылар бір-бірінің жіберген қателерін анықтайды. Бір-біріне баға береді. Әр оқушы үш-төрт сөйлемнен артық оқымауы тиіс. Оқылып болған соң, оларға өзара бір-бірінің қателігін талдауға мүмкіндік беру қажет.

**5. Оқушылармен жеке жұмыс түрін ұйымдастыру.**

Әр сыныпта жұмыс қабілеті төмен оқушылар жеке жұмысты талап етеді. Физиологиялық, психологиялық ерекшелігіне байланысты балаға топта жұмыс істеу қиындық туғызады. Сол себепті баламен жеке жұмыс түрі ұйымдастырылады. Мұғалім әртүрлі қызықты ойын түрлерін қолдану арқылы баланың сабаққа деген ынтасын арттырады. *Мысалы:* Сен сөйлем ішінде қанша сөзді дұрыс оқыдың? Сана. Мен саған көңіл күйді білдіретін қималарды беремін. Кеше сен қанша қима алдың? Бүгін қанша қима алдың? Салыстыр.

Зерде бұзылыстары бар балалар ішінде фонематикалық есту қабілеті бұзылған балалар да көп кездеседі. Фонематикалық есту қабілетінің бұзылуы оқушының дұрыс, түсініп оқуына көп кедергі келтіреді. Сондықтан осындай балалармен логопед маманы жұмыс жасауы тиіс. Логопед балаларды арнайы топқа біріктіреді.

Р. И. Лалаеваның «Зерде бұзылыстары бар балаларда оқу бұзылуының алдын алу» еңбегінде көптеген тәсілдер көрсетілген.

Фонематикалық есту қабілеті бұзылған балаларға сөздегі айтылуы ұқсас дыбыстардың реттілігін сақтау, сол дыбыстардың сөздегі орнын, санын анықтауға арналған жаттығулар беру қажет. Жұмыс барысында мұғалім оқушылардың көру, сезіну талдауыштарына сүйенеді. Осы оқушылармен жұмыс барысында әртүрлі ойын тәсілдерін қолдану қажет. Мысалы: «Ойдан құрастырылған магнитофон ойыны». Төменгі (жасыл), ортаңғы (сары) деңгейдегі оқитын оқушылар жоғары (қызыл) деңгейлі оқитын оқушының оқыған мәтінін тыңдап отырады. Мұғалімнің «магнитофон қосылды» деген сөзінен кейін мәтіндегі сөйлемді төменгі деңгейдегі (жасыл) оқушының өзі оқиды. Оқып болған соң, сынып оқушылары таспаға жазылған «мәтін нәтижелерін» талдайды. Аз көлемді оқылған сөздерді көріп, естіп, тыңдап, айтып беру олардың оқуға деген ынтасын арттырады.

## Мәнерлеп оқу

Мәнерлеп оқу – оқыған шығарманы дауыс ырғағына салып, мәтіннің эмоциялық мағынасын ашу.

Егер мәнерлеп оқу дағдыларына келетін болсақ, оқушылардың оқу жылдамдығы төмен болады. Оқу барысында олар мәтіндегі

логикалық паузаны бұзып оқиды. Оқушыларда оқығанда дұрыс дем шығармау себебінен дыбыстың өзгеруі байқалады. Кейде дауысын ерекше шығарып оқиды, болмаса өте ақырын немесе баяу оқиды. Бұл бірқалыптылықпен (монотонность) ерекшеленеді.

Жүгіртіп оқу және түсініп оқу үдерістерінің жақсаруы оқушылардың мәнерлеп оқуына әкеледі. Егер осы екі оқу түрін тиімді жүргізген кезде, зерде бұзылыстары бар оқушыларды да жалпы орта мектептің оқушылары сияқты мәнерлеп оқуға қол жеткізуге болады.

Бірақ мәнерлеп оқуды меңгеру көп қиындықтар туғызады .

В. Я. Васелевская зерттеулерінде осы қиындықтарды ашып көрсеткен. Ол қиындықтарды атап айтсақ: төменгі сыныптың оқушылары себеп пен құбылыстардың арасындағы байланысты байқамайтындықтары, үлкен адамның көмегінсіз мәтіндегі оқиғаның сарынын түсінбеуі, шығарма кейіпкерлерінің бейнесі мен мәтіннің негізгі ойын анықтай алмауы. Мәселен, мәтіннің аты, кейіпкерлердің есімдерінің бірдей болуы. Оларды кездейсоқ бір-бірімен шатастыруға әкеледі. Осының нәтижесінде мәтіннің бір бөлігі толық шығармадан алынып тасталады. Сөйтіп, шығарманың бөлімдерінің мазмұны бір-біріне қатысы жоқ болып шығады. Сонымен қатар мәтіннің басты ойы мүлде өзгеріп кетеді.

## Түсініп оқу

Түсініп оқу – мәтіннің мазмұнын толық түсініп оқу түрі.

Оқудың осы түрін меңгеру барысында негізгі рөлді төменде көрсетілген сабақ түрлері атқарады:

1. Оқушыларды мәтінді қабылдауға дайындау.
2. Сөздік жұмыс.
3. Мәнерлеп бірінші мұғалімнің оқуы, екінші оқушылардың оқуы.
4. Қайталап оқу барысындағы жасалатын талдау.
5. Жоспар құру.
6. Мазмұндау.
7. Көркем шығармаларды екпін ырғағын қойып оқу.
8. Кейіпкерлерге мінездеме беру.
9. Оқылған материалды қорытындылау.

**Оқушыларды мәтінді қабылдауға дайындау.** Оқушыларды мәтінді қабылдауға дайындау кезінде алдын ала кіріспе әңгімемен

ғана шектелуге болмайды. Кіріспе әңгіме бірқатар әдістер мен тәсілдерден тұруы қажет. Оқушыларды алдын ала мұғалім топ серуенге апарады. Қоршаған ортадағы болып жатқан өзгерістерді бақылайды. Табиғи материалдарды **талдайды, талқылайды, салыстырады**, өз ойларымен бөліседі, өз ой тұжырымдарын айтады, өз көзқарастарын білдіреді. Топ серуеннен кейін сыныпқа келіп, оқушылар серуен барысында алған білімдерін өтілетін жаңа материалмен ұштастыра білуі керек. Атап айтсақ, Б. Майлиннің «Жаңбырлы күн» (67-бет) өлеңінде жауып тұрған жаңбыр мен өлеңде суреттелген жаңбырдың түрлерін салыстыру, айырмашылығы мен ерекшеліктерін атау.

Е. Өтетілеуовтің «Көктем өрнегі» (147-бет) деген өлеңінің аталу себебін жаңбырдан кейінгі табиғат құбылысымен салыстырып талдау.

Ал егер өтілетін сабақ тақырыбы балаға таныс емес болса, (мұхит, тау ішінде болған оқиға, су астындағы тіршілік, жабайы аңдар туралы мәтіндер болса т.б) мұғалім көрнекі құралдардың көмегімен, әсіресе интербелсенді тақта қолдану арқылы барынша берілген тақырыпты шынайы етіп аша білуі қажет.

**Мәтінді толық түсіну үшін ең басты рөлді сабақтағы сөздік жұмысы алады.**

Сабақтың әр кезеңінде мәтін ішінде 3-4 қиын сөз кездеседі. Балалар үшін таныс емес сөздің мағынасын ашу керек. Ол үшін мұғалім алдын ала дайындық жұмысын жүргізіп алады немесе мәтінді өзі оқып шыққан соң жүргізеді. Мұғалім жаңа сөзді ашу барысындағы жұмысқа оқушыларды да тартады. Көп жағдайда мұғалім мәтін ішіндегі жаңа немесе таныс емес сөздерді оқушының өздігінен таба білуіне жаттықтырады. Бұл кезде мұғалімге үлкен шыдамдылық пен сабырлылық қажет. Себебі зерде бұзылыстары бар оқушы таныс емес сөздерді бірден байқамайды. Ал үнемі мәтіннен таныс емес сөздерді тауып, оның мағынасын ашқызу оқушылардың мәтінді өз беттерінше түсінуіне жағдай жасайды.

Арнайы мектептерде көркем шығарманы талдау – күрделі үдеріс. Оның қиындығы оқушылардағы бейнелі ойлаудың жеткіліксіздігі, оқушылардың көркем шығармадағы оқиғаның нақты белгілерін ғана қабылдауы, оқиғаның астарын, ондағы кейіпкерлердің бейнесін жан-жақты ашу, зерде бұзылыстары бар оқушылар үшін қиындау. Сол себепті жоғары сынып оқушыларымен көркем шы-

ғармаларды талдау барысында көрнекі құралдарды көп қолдану қажет. Екі құбылысты, екі кейіпкерді салыстыру арқылы мәтіннің мазмұнын ашу.

Мұғалім сабақ барысында оқушының сұраққа толық жауап беруін, байланыстырып сөйлеуін, әдеби шығарманы талдау барысында көркем сөздерді қолдануын талап етуі тиіс.

## Мәтінге талдау жасау

Мәтінге талдау жасау мұғалім мәтінді оқығаннан кейін жүргізіледі. Мұғалімнен кейін сыныптағы жақсы оқитын (қызыл) деңгейдегі бірнеше оқушы оқиды. Орташа (сары) деңгейдегі оқушылар әңгіменің бір бөлігін ғана оқиды. Ал төмен (жасыл) деңгейдегі оқушылар мәтіндегі жеңіл үш-төрт сөйлемді оқиды. Оқуға сабақтың 20 минут уақыты беріледі. Мәтінді оқып болған соң, мұғалім мәтіннің мазмұнын ашатын сұрақтар қояды. Оқушылардан толық жауапты талап етеді. (Оқушылар жауап барысында мұғалім ұсынған көрнекіліктерді қолдана білуі және соған сүйеніп толық жауап беруі тиіс).

## Оқылған мәтінді бекіту

5-9-сыныптардан бастап оқушылар көлемі жағынан үлкен шығармаларды оқи бастайды. Осыған байланысты мұғалім шығармалардың кейбір бөлігін үйден оқуға береді. Мұғалім алдын ала оқушыларға қандай сұрақтарға жауап беру керектігін айтады. Бұл сұрақтар шығарманың желісін сақтауға және сыныпта оқыған шығарма бөлігімен байланысын үзбеуге негізделуі тиіс. Оқылған шығармаға толық талдау жасау әңгімені толық оқып болғаннан кейін жүргізіледі. Оқушы шығармадағы басты кейіпкерге мінездеме береді. Зерде бұзылыстары бар оқушы әңгіме кейіпкеріне мінездемені қарапайым сөздермен ғана бере алады. Ол шығармадағы оқиғалардың жеке бөлігін ғана сипаттап айтуы мүмкін, сол себепті шығарманы талдау кезінде сынып болып түгел оқушылар қатысуы тиіс. Оқушыларды бір-бірінің жауабын толықтырып, жарысып, соңына қарай толық мәтін желісін құрастырып айтатындай дәрежеге жеткізуіміз қажет.

## Жоспар құру

Жоғары сынып оқушыларында мәтінге жоспар құру біршама қиындай түседі. 6-сыныптан бастап оқушы өз бетінше жоспар құруға дағдылануы тиіс. Бірақ ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың өз бетінше жоспар құру қабілеті төмен. Сондықтан мұғалім бөлімдерге оңай бөлінетін, негізгі ойды оңай анықтай алатын, мазмұны жеңіл шығармаларды іріктеп алуы тиіс. Одан әрі оқушы тек қана бір әрекетті жүзеге асыра алады:

- дайын жоспармен мәтінді бөлімдерге бөледі;
- бөлімге ат қояды.

**Оқыған мәтінді өз бетінше мазмұндау.** Жоғары сынып оқушылары мазмұндаудың бірнеше түрін (теріп мазмұндау, толық мазмұндау, қысқаша мазмұндау т.б).

Мысалы, «Керқұла атты Кендебай» (11-бет) қиял-ғажайып ертегіге жататын тұстарын теріп әңгімелеу, дәлелдеу. С. Сарғасқаевтың «Кәмпит» (139-бет) әңгімесінде мәтін мазмұны тірек, жетекші сұрақтар арқылы толық мазмұндау түрі қолданылған.

Бұның өзі оқушылардың оқыған мәтіннің мазмұнын толық түсінуіне жағдай жасайды.

**Шығарманы талдаудағы соңғы кезең – шығарма бойынша қорытынды әңгіме болып табылады.**

Зерттеулердің нәтижесі бойынша оқу деңгейі төмен оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында берілген үлкен көлемді әңгімені бірнеше шағын бөліктерге бөліп алып, ол бөліктерге ат қою – тиімді әдістердің бірі. Сонымен қатар мәтінді оқу барысында оқушыларды түрлі ойындар арқылы белсендіріп, сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру қажет.

Қорыта келе, жоғарыда айтылған тәсілдердің бәрі зерде бұзылыстары бар балалардың дұрыс, жүгіртіп, мәнерлеп, түсініп оқуын дамытуға жағдай жасайды.

– Оқушылар мәтінді бөлімдерге бөліп талдайды.

– Теріп оқиды.

– Мұғалімнің мәтін бойынша қойған сұрақтарына автордың сөзімен жауап береді.

– Рөлге бөліп оқиды.

– Іштей оқиды.

– Мәтін ішінен сұрақтарға жауап іздейді.

Осы жұмыс түрлерінің барлығы ұштаса келіп, оқушының мәтінді дұрыс түсінуіне және оқу техникасының жеткілікті дамуына әкеледі.

**Оқу және тіл дамыту пәнінің ерекшелігі – ондағы оқылатын жанрлардың әртүрлілігі**.

Әңгіме, өлең, мысал, ертегімен жұмыс істеудің өз ерекшелігі, өз әдіс-тәсілдері бар.

## Үйге берілетін тапсырма

Жоғары сынып оқушылары оқитын шығармалар көлемінің үлкендігіне байланысты педагог шығарманың бірнеше бөлімін үйге береді. Осы жағдайда мұғалім оқушыларға үйге сұрақтар береді. Оқушы ол сұрақтарды оқып, жауап беруге дайындалып келу керек. Бұл сұрақтар жүйесі мектепте өткен негізгі бөлімдердің сұрақтарының жалғасы болуы тиіс.

Жоғары сынып оқушылары түсінік айтудың бірнеше түрлеріне жаттығады:

- теріп айту;
- толық айту;
- қысқа айту;
- мәтіннен алынған тірек сөздерге сүйеніп сөйлем құрау арқылы айту.

Мұғалім үйге тапсырма бергенде оқушылардың деңгейлерін ескеріп, түсінік айту түрлерін (теріп айту, толық айту, қысқа айту) бағыттап отыруы қажет. Осы тәсіл арқылы оқушылар оқылған мәтінді толық түсініп, түсінік айтуға жағдай жасайды.

## Оқу дағдыларын қалыптастыру

Зерде бұзылыстары бар балалардағы оқу дағдаларын қалыптастыруда дұрыс, жүгіртіп, мәнерлеп және түсініп оқу бірге жүретін үдеріс:

- оқушылар мәтінді бірнеше бөлікке бөліп оқиды;
- сол бөлік бойынша анализ жасау үшін теріп оқиды;
- автордың сөзімен мұғалімнің сұрақтарына жауап береді;
- рөлге бөліп оқиды;
- іштей оқиды;
- бір немесе бірнеше сұраққа жауап іздейді.

Осы жұмыстардың барлығы мәтінді толық түсінуге және оқу техникасын дамыту мақсатында жасалады.

## Оқу және тіл дамыту сабағының мақсаты мен мазмұны

Оқу және тіл дамыту сабағы зерде бұзылыстары бар оқушылар үшін адамгершілік эстетикалық және экологиялық тәрбие беретін жақсы құрал болып табылады.

Оқу және тіл дамыту пәні арқылы балалар туған өлкесінің табиғатының сұлулығымен, тарихымен танысады. Шетел жазушыларының шығармалары арқылы әлемді танып білуге деген қызығушылықтары оянады.

Оқушылар әртүрлі жанрдағы шығармаларды оқу арқылы адамдар мен балалардың әрекеттеріне баға береді. Әр шығарманы оқып, талдау арқылы мұғалім оқушыға тәрбиелік бағыт беріп отырады.

Оқу сабағында баланың әлем туралы түсінігі кеңейеді. Оқушылар адамның өмірі, еңбегі туралы, табиғат құбылыстары жайлы қызықты мағұлматтар алады. Жаңа сөздермен танысады. Олардың мағынасын түсінеді. Осы жаңа сөздерді күнделікті сөйлеу тілінде қолдануға жаттығады. Оқу және тіл дамыту пәні арқылы оқушылардың сөздік қоры молайып, ауызша байланыстырып сөйлеу қабілеті жақсарады.

## Рөлге бөліп оқу

Рөлге бөліп оқу – оқу дағдыларының ішіндегі күрделісі. Бірақ бұл тәсіл қиын болса да, тиімді тәсілдердің бірі. Рөлге бөліп оқу кезінде оқушылар бір-бірімен байланыста болады. Оқушылардың рөлге бөліп оқу кезінде барлық танымдық әрекеттері іске қосылады (зейіні, көз алдына елестету, ерік, есте сақтау...).

Рөлге бөліп оқудың күрделілігі: оқушы, ең бірінші, мұқият тыңдайды, екіншіден, өзінің сөзін мәтіннен дұрыс табады, үшіншіден, өз сөзін ғана теріп оқиды, төртіншіден, өз рөліне тиісті сөздерді айтып береді.

Рөлге бөліп оқытуды жүзеге асыру үшін мұғалім біртіндеп оқушылармен дайындық жұмыстарын жүргізуі тиіс. Мұғалім мәтінді

оқу барысында кейіпкерлердің дауысын, қимылын келтіріп интонациямен оқып шығады. Мұғалімнің осындай оқу тәсілі – оқушы үшін маңызы зор үлгі. Себебі оқушы мұғалімнің дауыс ырғағынан, қимылынан мәтіндегі кейіпкерлерді көз алдына елестете алады. Оқушылар мұғалімнің оқығанынан кейін әр кейіпкердің сөзін өз бетінше тауып оқуға мүмкіндік алады.

Зерде бұзылыстары бар оқушылардың зейінінің шашыраңқы болуы, мінез-құлқындағы тұрақсыздық оқу және тіл дамыту сабағында мәтіндегі белгілі бір бөлікті тауып оқуына көп кедергілер келтіреді. Оқушыға мұғалім тапсырған бөлікті табу қиын. Сондықтан мұғалім үнемі сабақ барысында өзі басшылыққа ала отырып оқушыларды жаппай сабаққа қатыстырып, арнайы берілген бөліктерді тауып оқуына бағыт беріп отырады. Біртіндеп мұғалім оқушыларға дауыстап, тізбектей оқытады. Содан кейін барып алдын ала оқылатын мәтіндегі кейіпкерлердің сөздерін оқушыларға бөліп береді. Мұғалім өзі бірінші автордың сөзін мәнерлеп оқи бастайды, белгілі бір кейіпкерге келгенде, оқушыға жалғастыруға мүмкіндік береді. Осылайша оқушылардың өз сөздерін тауып, оны дұрыс оқуын қадағалап отырады.

Берілген оқулықтың басты ерекшелігінің бірі – кейіпкерлердің сөздері жеке жолдан берілген. Мысалы, «Молда, ұста, тігінші» ертегісінде:

Ұста:

– Мен алам, еңбек менікі, – дейді.

Тігінші:

– Жоқ, мен алам, еңбек менікі, – дейді.

Молда:

– Мен алам, Құдай менің тілегімді қабыл алып, оған жан бітірді, – дейді.

Осы тәсіл оқушыларға мәтіндегі кейіпкерлердің сөздерін оңай табуға, рөлге бөліп оқу дағдысының қалыптасуына үлкен көмек. Рөлге бөліп оқу кезінде оқушы өз бетінше оқулықпен еркін жұмыс жасауға дағдыланады. Өз бетінше кейіпкерлердің сөздерін тауып, оған мінездеме бере алады. Пәнге деген қызығушылығы оянады. Сабаққа қатысу белсенділігі артады. Дұрыс және түсініп оқуға мүмкіндік алады.

Рөлге бөлудің негізінде оқу дағдылырының барлық түрлері: дауыстап оқу, жүгіртіп оқу, дұрыс оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу дағдылары жүзеге асады.

### Ертегілерді оқу

Ертегі – оқушылар үшін ең сүйікті жанрдың бірі. «Оқу және тіл дамыту» оқулықтарында ертегілердің мына түрлері қамтылған:

- тұрмыс-салт ертегілері;
- қиял-ғажайып ертегілері;
- жануарлар туралы ертегілер.

Ертегінің бір ерекшелігі – онда кейіпкерлердің барлығы сөйлейді (заттар, аңдар, табиғи құбылыстар). Осының өзі оқушыларға қызықты. Әр ертегінің мазмұнының оқушыларға беретін тәрбиелік мәні үлкен. Кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы оқушылар өмірде жақсы мен жаманды, мейірімділік пен қатыгездікті, еңбекқорлық пен жалқаулықты салыстырып үйренеді. Ертегі – оқушылардың сөйлеу тілінің дамуына жағдай жасайтын жақсы мүмкіндік. Өйткені ертегіні рөлге бөліп оқу, кейіпкерлердің қимылын, дауысын салып айту оқушыларға өте қызық. Осы қызығушылықтың нәтижесінде олар ертегінің мазмұнын толық жеткізуге тырысады. Мұғалім одан әрі оқушыларды қызықтыру үшін түрлі диафильмдер, аудио, бейнежазбалар, интербелсенді тақтаны, жан-жануарлардың бетперделерін қолданады.

Оқушыларға ертегінің мазмұнын толық ашуға тағы да бір мүмкіндік – ол сахналық қойылым.

Ертегіні мазмұндаудың тағы бір ерекшелігі – оқушыға ертегінің немен аяқталатынын болжату. Ол үшін оқылған ертегіге мұғалім қосымша сұрақтар арқылы оқушыны қызықтырады (Сен осы ертегіні қалай аяқтар едің? Сен ... орнында болсаң не істер едің?..). Оқулықта жоғарыда айтылған барлық тәсілдерді ескере отырып, біз ертегілерге сахналық қойылым, кейіпкерлерге суреттер арқылы мінездеме беруге, жұмбақ шешу арқылы кейіпкерлерді табуға тапсырмалар бердік.

### Ертегілерді оқуда ұсынылатын әдістемелік нұсқаулар

1. Оқушыларға ертегіні таныстырмас бұрын, оның ішіндегі кейіпкерлердің суреттерін көрсетуге болады. Ол арқылы балалар жануарлардың адамның тілімен сөйлей білуін түсінуі керек.

2. Ертегіні оқымас бұрын ертегі кейпкерлерінің суретін көрсетіп алуға болады.

3. Ертегіні мұғалім оқып жатқан кезде міндетті түрде кейіпкердің дауысын салып, жест мимикасын келтіріп, интонациясын ұстап тұрып оқуы керек. Бұл оқушылардың қызығушылығын оятады. Ертегіні аудио, бейнежазбалар арқылы да тыңдатуға болады.

4. Ертегіні оқу барысында ондағы кейіпкер әрекеттерін мынау шын, мынау ойдан құралған ертегі кейіпкері деп бөліп айтуға болмайды. Себебі ертегінің мән-мағынасы кетіп қалады.

5. Ертегіні рөлге бөліп оқыған қызықты. Бірақ бұл жұмысқа кіріспес бұрын ертегіні оқып, талдап, әр кейіпкердің әрекетіне баға бере білу керек.

6. Оқушылар ертегі мазмұнын айтуға дайын болу керек. Ертегі толықтай мәтінге жақын мазмұнмен айтылады. Сонымен қатар қысқа ертегілер толықтай айтылады. Ал көлемі үлкен ертегілердің мазмұны мұғалімнің тапсырмасы бойынша немесе мұғалімнің бөліп беруімен оқытылады.

7. Ертегіні бір оқушының ұзақ оқуы дұрыс емес. Себебі балалар жалығып кетеді және әдістемелік тұрғыдан алғанда да дұрыс емес.

8. Жоғары сыныптарда ертегілерді бөлімдерге бөлу де, ат қою да оңай. Балалар арнайы сөздерді ұмытпас үшін әр бөлімге тән сөздерді жоспарға жазып отыруға болады.

## Әңгімені оқуда ұсынылатын әдістемелік нұсқаулар

Оқу сабағында пайдаланатын негізгі материал – ол әңгіме. Оқулықта берілген материалдардың 60 пайызын әңгіме құрайды.

Әңгіме – кейіпкерлердің өмірінде болатын оқиғалардың тізбегі. Әңгімеде сол сәтте болып жатқан оқиға немесе болашақта болатын оқиға айтылуы мүмкін. Көлемі жағынан да, кейіпкерлердің саны жағынан да әңгімелер әртүрлі болады. Мазмұнына қарай әңгіме бірнеше түрге бөлінеді:

- әзіл-сықақ әңгімелер;
- сатиралық әңгімелер;
- драмалық әңгімелер;
- тарихи әңгімелер.

9-сыныпқа арналған оқу және тіл дамыту оқулығында Отандық және шетел жазушыларының шығармаларынан үзінділер хронология бойынша ұсынылған.

Оқулықтағы барлық әңгімелер зерде бұзылыстары бар оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып таңдалған және бейімделген.

- Үлкен көлемді әңгімелер мен өлеңдердің көлемі қысқартылды.
- Күрделі сөйлемдер бірнеше жай сөйлемдерге алмастырылды.
- Мәтіндегі қиын сөздер іріктеліп алынды. Олардың мағынасына сөздік арқылы түсініктеме берілді.
- Мәтін аяқталған оймен бірнеше қысқа абзацтарға бөлінді.
- Берілген абзацтар бойынша әдістемелік аппаратта сұрақтар берілді (бұл сұрақтар әңгіменің мазмұнын толық ашып айтуға жақсы мүмкіндік береді).
- Әңгіменің мазмұнын ашатын көріністі суреттер берілді.
- Кейіпкерлердің сөздері нақты жеке жолдан берілді.

## Оқу және тіл дамыту оқулығының ерекшелігі

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған оқу және тіл дамытудың типтік оқу бағдарламасы – оқулығы оқу мазмұнына сәйкес келетін оқу құралы.

«Оқу және тіл дамыту» оқулығы зерде бұзылыстары бар оқушылардың ойлау, оқу мен сөйлеу тілін дамытудың арнайы әдістемесіне сәйкес жүргізілген.

Оқу құралы мұғалімді дәйектілікпен бағыттайды және оқушылардың қызметтерін сипаттау арқылы қалыптасқан білім беру бағдарламасындағы әр тақырыптың байланысында күтілетін нәтижелерді анықтайтын кестемен аяқталады. Сондай-ақ жоғары сыныпта оқу үдерісінде жүзеге асырылуы тиіс әртүрлі тақырыптар көрсетілген.

Оқулықтың әдістемелік құралы күрделілік тұрғысынан бірдей емес. Тапсырманың күрделілік деңгейінің шартты белгілері бар. Шартты белгі ретінде түрлі түсті дөңгелектер қолданылады. Бұл шартты белгілер мұғалімдерге оқушылармен деңгейлік жұмыс жасауға жақсы мүмкіндік береді. Әр мұғалім сыныптың ерекшелігіне қарай оқушыларды деңгейге бөліп топтастырады.

**Жасыл дөңгелек** – күрделіліктің бірінші (төменгі) деңгейін білдіреді. Мұғалімінің тапсырмасы бойынша оқушыдан тақырыпты білу немесе суретті әңгімелеу талап етіледі.

**Сары дөңгелек** – күрделі оқу тапсырмасының екінші деңгейі, мәтіннің мазмұнын түсіну және мұғалімді қайталай отырып жеке сөйлеу, оқушыға сөздерді, сөз тіркестерін қолдану ұсынылады.

**Қызыл дөңгелек** – күрделіліктің үшінші деңгейі, оқулықтағы әдістемелік аппаратқа сүйене отырып өздігімен талдау, салыстыру және жалпылауды жүзеге асыруды көздейді.

Оқушының тапсырмасының күрделілігі сіздің оның жетістігін байқауыңызға байланысты таңдалады. Есіңізде болсын, кез келген оқушы тапсырмалардың күрделілік деңгейінің барлығына қол жеткізе алмайды. Сондықтан тапсырма оқушының жеке қабілетіне қарай ұсынылуы тиіс.

Оқушы жылдың басында жасыл дөңгелек деңгейінде болса (күрделі деңгей), жыл көлемінде оның деңгейі сары дөңгелек деңгейіне көтерілуі мүмкін. Сары деңгейдегі оқушының да қызыл деңгейге көтерілу мүмкіндігі бар. Сондықтан мұғалім оқу және тіл дамыту сабағында осы деңгейлердің өзгеруіне ықпал ете білуі керек. Барынша оқушының бойында сабаққа деген қызығушылықты оятып, оны белсендіре білуі тиіс.

Оқулықтағы мәтіндердің тапсырмасын мұғалім сыныптың ерекшелігіне қарай өзгертіп отырады.

Дөңгелектегі тапсырмалардың орындалу реті мұғалімнің еркінде. Мұғалім сыныптың ерекшелігіне қарай жұмысты қай деңгейден бастаса да – әдістемелік тұрғыдан дұрыс. Деңгейлік тапсырмаларды оқулықта берілген ретпен орындаудың қатып қалған ережесі жоқ. Мұғалім өзі өзгертіп оқушылармен бірлесіп орындауға мүмкіндігі бар.

Оқулықтағы шығармаларды талдауға берілген сұрақтардың (сабақтың тақырыбы мен мақсатына байланысты) өзгертіп айтуы да мұғалімнің еркінде.

Мұғалім шығарманың тақырыбын ашуы керек. Алдын ала әңгіме арқылы шығарманың неге солай аталуына қысқаша мағұлмат беруі керек немесе шығарманы талдау барысында түсіндіріп өтуі қажет. Шығармадағы сұрақтар оқушыға түсінікті әрі мәтіннің мағынасын ашатындай құрастырылуы қажет. Сондықтан мұғалім тек қана оқулықтағы нақты сұрақтарға ғана емес, ол сұрақтарды басқа сұрақтармен алмастырып немесе өзгертіп қоюына болады.

Мұғалім шығарманы оқу барысында шығармадағы оқиғаның басталуын, оның жалғасын, аяқталуын реттілікпен көрсете білуі тиіс. Осы реттілікті дұрыс көрсете білу негізінде оқушылар мәтінді дұрыс түсініп мазмұндай білуге мүмкіндік алады.

5-10-сыныптардағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған «Оқу және тіл дамыту» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында «оқу және тіл дамыту» пәнінің негізгі мақсаты, оқыту міндеттері, принциптері нақты көрсетілген.

**«Оқу және тіл дамыту» пәнінің негізгі мақсаты:**

Оқыған материалды дұрыс, жылдам, саналы түрде түсініп және мәнерлеп оқуға дағдыландыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, көркем шағармаларды қабылдау мен талдау негізінде білім алушылардың коммуникативті дағдыларын жетілдіру және рухани құндылықтарын қалыптастыру.

**«Оқу және тіл дамыту» пәнін оқытудың міндеттері:**

1) қазақ, орыс және әлем әдебиеті мен мәдениеті негізінде әлеуметтік тұрғыда табысты бейімделуіне ықпал жасайтын білімдерді, қабілеттерді, дағдыларды қалыптастыру;

2) білім алушылар көркем әдебиет шығармаларының авторлық түпкі ойын терең түсінулері үшін әдебиеттанушылық түсініктердің меңгерілуіне ықпал жасау;

3) білім алушылардың ұғымына лайықты мәтіндерді дауыстап және іштей оқу, оқыған шығармаларды саналы түрде түсіну дағдыларын қалыптастырып жетілдіру;

4) түрлі жанрдағы әдеби шығармаларды терең түсіну мен саралау негізінде коммуникативтік дағдыларды дамыту;

5) білім алушылардың байланыстырып сөйлеуін, ойлау қабілетін дамыту, өз ойына тұжырымдама жасай білу, ұқсастық пен себептік-нәтижелік байланысты анықтау дағдыларын қалыптастыру;

6) оқуға деген қажеттілікті қалыптастыру, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып оқу дағдыларын жетілдіру;

7) оқушылардың адамгершілік қасиеттерін, еңбекке, Отанына деген сүйіспеншілігін қалыптастыру.

«Оқу және тіл дамыту» пәнін оқыту арқылы заттық нәтижелерге қол жеткізуден басқа түзету міндеттерін жүзеге асыратын жүйелік жұмыстарды да қамтуға болады: олар есту, есту-көру қабылдауын

дамыту; енжар және белсенді сөздік қорын өсіру; тілдің семантикалық жағымен жұмыс; тілдің грамматикалық және фонетикалық құрылымының бұзылыстарын түзеу; дислексияны, дисграфияны және дизорфографияны алдын алу және жеңу.

**«Оқу және тіл дамыту» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру.**

«Оқу және тіл дамыту» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

9-сынып аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

**«Оқу және тіл дамыту» пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:**

1-бөлім. «Тыңдалым және айтылым»;

2-бөлім. «Оқылым»;

3-бөлім. «Тілдесу».

**«Тыңдалым және айтылым»** бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) ақпаратты түсіну;
2) мәтіннен ақпаратты анықтау;
3) негізгі ойды анықтау;
4) сахналау және драмалау.

**«Оқылым»** бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) оқылым стратегияларын қолдану;
2) мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;
3) сыныптан тыс оқу;
4) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу.

**«Тілдесу»** бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) қарым-қатынастық дағдыларын дамыту;
2) жағдаятты болжау.

*Оқу тақырыптарының атауы ретінде бағдарламаның бөлімдері қолданылады:*

*Пәнді оқыту барысында тарау бойынша келесі тақырыптар қамтылуы тиіс:*

*Осы тақырыптар жыл сайын оқушы сыныптан-сыныпқа көшкенде қайталанып, күрделеніп, толықтырылып оқытылады.*

**9-сыныпқа арналған «Оқу және тіл дамыту» пәнінің базалық мазмұны:**

1) **тыңдалым және айтылым:** аудио және бейнетаспаға жазылған балаларға арналған шығармаларды тыңдау, негізгі ойын түсіну; мұғалімнің көмегімен кейіпкерлерге мінездеме беру;

мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша толық, қысқа, теріп айту; әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің сөздерін рөлге бөліп оқу;

2) **оқылым:** әдеби шығармаларды саналы түрде оқу; тақпақтар мен прозалық үзінді жаттау; қазақша ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату; балаларға арналған кітаптарды, газет, журналдардан мақалаларды өзбетімен оқу; мұғалімнің көмегімен талқыланып жатқан оқиғаны бағалау; мұғалімнің көмегімен энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу.

3) **тілдесу:** қатынас мақсатын (хабарлау, түсіндіру, сұрау, ой бөлісу), жағдайын (көңілді, көтеріңкі, сабырлы) ескере отырып, әңгімеге, диалогке қатысу; сөйлеу тәртібін сақтау: сөйлесіп тұрған адамды тыңдау, орынды сұрақ қою; өтілген және кім туралы? не туралы? не істедің? не істеп отырсың? не істейсің? не істедіңдер? сұрақтарына дұрыс жауап беру; тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау.

*1-қосымша*

## «Оқу және тіл дамыту» оқулығында берілген тараулар

### 1. Халық ауыз әдебиеті тарауы

«Халық ауыз әдебиеті» тарауында бағдарлама бойынша барлық жұмбақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаш жанрлары берілген. Біз осы жанрларды халық ауыз әдебиеті тарауында ғана қолданбай, оны бүкіл оқулықтағы берілген шығарманың мазмұнына қарай бөлуді жөн көрдік. Мысалы, елдік туралы мақал-мәтел «Заманауи қазақ әдебиеті» тарауы бойынша сұрақтар мен тапсырмаларда берілсе, «Ер ел үмітін ақтар, Ел ер атағын сақтар», С. Бегалиннің «Кітап» атты өлеңінің соңында білім туралы мақал-мәтел: «Кітап – білім бұлағы, Білім – өмір шырағы» берілген. Б. Майлиннің «Жаңбырлы күн» өлеңінде тақырыпқа байланысты жаңылтпаш берілген. «Көктем жауын-шашынсыз болмас, Жауын-шашынсыз болмаса, Жасынсыз болмас». Ал Б. Соқпақбаевтың «Шынықсын денеміз» өлеңінде, Н. Ақыштың «Балалар елін бағындыру» әңгімесінде тақырыпқа байланысты жұмбақтар берілген. Осы мақал-мәтел, жаңылтпаштар бүкіл оқулық шығармаларының мазмұнына қарай бөліп тастау, ең бірінші, мұғалімнің тақырыпты

бекітіп, қорытындылауына үлкен ықпалын тигізсе, ал оқушылар үшін оқу материалдарын жақсы меңгеруге, өтілген тақырыпқа деген қызығушылықтарын оятуға мүмкіндік береді. Осы тәсіл арқылы оқушы мақалдың мағынасын толық аша білуге үйренеді. Сонымен қатар оқушы оқыған мақалдың түрін ажырата білуге дағдыланады. (Өнер-білім, елдік туралы т. б.)

*Ескерту:* Осы оқулықта айта кететін бір ерекшелік – төменгі сыныптардың оқулықтарында өтірік өлеңге сағат берілмегенін ескере отырып, өлеңнің мағынасын ашып, сағат ретінде толық қарастырдық.

**2. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарауы**

Осы тараудан бастап хронология басталады. Әдебиет саласында хронология принципі белгілі бір уақытта өмір сүріп өткен ақын, жазушы, жыршылардың өмір сүру жылдарын ретімен беру. Оқушы хронологияның көмегімен ақын-жазушылардың өмір сүрген уақытын анықтайды. Олардың қай ғасыр әдебиетінің өкілі екенін білетін болады.

*Ескерту:* Бағдарламадан тыс А. Құнанбаевтың бірнеше қара сөздері, өлеңдері алынды.

**3. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарауы**

Осы тарауда XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің өкілдерімен танысуды жалғастырады. Олардың үлкен көлемді повестерінен үзінділер оқиды. Повестердің мазмұны зерде бұзылыстары бар оқушылардың ерекшелігіне қарай жеңілдетіліп өңделген. Осылай берілген тәсіл оқушының оқу материалдарын қиындықсыз игеруіне, деңгейлік тапсырманы қиындықсыз орындауына мүмкіндік алады.

Сабақ үдерісі кезінде көлемі үлкен шығармалар толық игерілмеген жағдайда мұғалім алдын ала бірнеше қосымша сұрақтар береді. Оқушы осы сұрақтарға жауап беру үшін үйде өз бетterінше шығарманы оқып, талдауға дағдылануы тиіс. Мұғалімнің сұрағы оқушыға түсінікті, ретімен мәтіннің мазмұнын ашатындай болып іріктелуі тиіс.

**4. Заманауи қазақ әдебиеті тарауы**

Берілген тарауда оқушылар қазіргі замандағы ақын жазушылардың еңбектерімен танысады. Оқушылар осы шығарманың негізінде өз Отаны туралы кеңірек білім алады. Мұғалім олардың

бойында Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін оятады. Сонымен қатар достық, адамгершілік, әдептілікке баулитын түрлі қызықты өлеңдер, әңгімелермен танысады. Бұл әңгімелердің оқушылар тәрбиесі үшін маңызы зор.

**5. Әлем әдебиеті тарауы**

Әлемдік ақын-жазушылардың шығармаларымен танысу оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге үлкен мүмкіндік. Әр оқушы осы тарауды оқу барысында шетел жазушыларының жазу стилімен, олардың өмір сүру салтының ерекшелігімен танысады. Осы тарауда әлем жазушыларының ең қызықты деген шығармалары іріктелініп алынған. Атап айтсақ, мысал, ертегілер, қызықты оқиғалармен танысады. Осындай шығармалардың мазмұнымен танысу оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын бей-жай қалдырмайтынына сенеміз.

*Ескерту:* Л. Н. Толстойдың «Өрт сөндіргіш иттер» әңгімесі 8-сыныптың «Оқу және тіл дамыту» оқулығында берілгендіктен оқулыққа енбеді. Оның орнына Л. Н. Толстойдың «Акула» шығармасы алынды. Тарау бағдарламадан тыс көптеген әңгіме, өлеңдермен толықтырылды.

**Оқыту мақсаттарының жүйесі**

Бағдарламада оқу мақсаттары төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді; кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан сөйлеу әрекеттерінің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді, мысалы, 5.5.1.1 кодында «9» – сынып;«5.1» – дағдылар «1» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

# Арнайы білім беру ұйымдарының педагогіне арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар үлгісі

<u>Оқу және тіл дамыту пәні 9 сынып</u>

<u>Аптасына: 2 сағат, барлығы: 68 сағат 7+7+39+7+8=68 сағат</u>

| № р\с | Сабақтардың тақырыбы | Сағат саны | Мерзімі | Оқу мақсаттары | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **7** | **«Халық ауыз әдебиеті» ауыспалы тақырыптың мәнмәтінінде** | | |
| 1 | Қайталау 8-сынып<br>«Алтын мүйізді киік» ертегі | 1 | | ***Тыңдалым және айтылым***<br>9.1.1.2 шығарманың негізгі идеясын түсіну;<br>9.1.1.3 мәтіндегі абзацтың рөлін түсіну;<br>9.1.1.4 күрделі сөздерді түсіну;<br>9.1.4.1 өз бетімен әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің сөздерін рөлге бөліп оқу, сахналау;<br>9.1.1.3 мәтіндегі абзацтың рөлін түсіну;<br>9.1.1.5 аудио және бейне таспаға жазылған балаларға арналған шығармаларды тыңдау. Негізгі ойын түсіну.<br>***Оқылым***<br>9.2.1.1 орфоэпиялық норманы және негізгі ерекшеліктерді сақтап, әдеби шығармаларды оқуын жетілдіру;<br>9.2.1.2 жоспар құру, жоспар бойынша мазмұнын айту;<br>9.2.1.3 сыныптан тыс газет, журнал, қолжетімді шағын шығармаларды оқу;<br>9.2.1.4 тақпақтар мен прозалық үзінді жаттау.<br>***Тілдесім***<br>9.3.1.1 диалог, монолог құру; | |
| 2 | «Керқұла атты Кендебай» ертегі | 1 | | | |
| 3 | «Молда, ұста, тігінші» ертегі | 1 | | | |
| 4 | «Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбай» ертегі<br>«Алдардың айласы» ертегі | 1 | | | |
| 5 | Өтірік өлеңдер | 1 | | | |
| 6 | «Жиренше мен Алдар» аңыз | 1 | | | |
| 7 | «Алдардың сиқырлы тоны» аңыз<br>Қайталау сұрақтар мен тапсырмалар | 1 | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 9.3.1.2 мәтінмен жұмыс істеу кезінде әңгіменің негізгі құрылымын сақтау (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды); логикалық кезектілігін сақтап, себеп-салдарын ашу;<br>9.3.1.4 қысқа ертегі, әңгімелердің мазмұнын айту;<br>9.3.1.5 күнделікті тұрмысқа, оқуға, қатынасқа қатысты жағдаяттарда қарым-қатынас жасап сөйлесу, сұрақ қою, диалогті қолдау. | |
| | | **7** | **«XIX ғасыр қазақ әдебиеті» ауыспалы тақырыптың мәнмәтінінде** | | |
| 8 | А. Құнанбаев<br>Қара сөздер<br>Бірінші сөз | 1 | | ***Тыңдалым және айтылым***<br>9.1.1.1 басылымдардағы (газет, журнал) шағын мақалаларды түсіну;<br>9.1.1.2 шығарманың негізгі идеясын түсіну;<br>9.1.1.3 мәтіндегі абзацтың рөлін түсіну;<br>9.1.1.4 күрделі сөздерді түсіну;<br>9.1.1.5 аудио және видео таспаға жазылған балаларға арналған шығармаларды тыңдау. Негізгі ойын түсіну;<br>9.1.2.1 жаңа сөздердің мағынасын меңгеру.<br>***Оқылым***<br>9.2.1.1 орфоэпиялық норманы және негізгі ерекшеліктерді сақтап әдеби шығармаларды оқуын жетілдіру;<br>9.2.1.4 тақпақтар мен прозалық үзінді жаттау. Жатқа 10 тақпақ және 2 прозалық үзінді білу;<br>9.2.3.1 балаларға арналған кітаптарды, газет, журналдардан мақалаларды өзбетімен оқу;<br>9.2.3.2 оқыған кітаптарды, мақаланы талқылау;<br>9.2.3.3 оқыған кітаптар, газет, журналдағы мақалаларға пікір құрастыру;<br>9.4.2.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан деректерді алу. | |
